



Handwritten signature

М.Куткожина

**Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектеп бойынша
2023- 2024 оқу жылына арналған
әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары**

Дайындаған: Р.Жанесеева

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2021 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 472 бұйрығына 2 – қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына 2 – қосымша

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1.	2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің жоспарын талдау, бекіту.	Тамыз	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар
2.	Әлеуметтік педагогтың іс- қағаздары және нормативтік құқықтық актілермен жұмыс	Тамыз	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	жоспар
3.	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау	27.08-10.09.2023	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	
4.	Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кітапханашы	Жоспар
5.	Мектеп асханасынан ЖББҚ,арендатор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау және тізімін жасау	31.08-03.09.23	МДОІЖО Әлеуметтік педагог	
6.	Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау	31.08-03.09.23	Әлеуметтік педагог	Тізім
7.	Көп балалы отбасы балалар тізімі	31.08-03.09.23	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	

8.	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі	31.08-03.09.23	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім
9.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы	01-03.09.2023	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім
10.	«29 қазан – Қамқоршылар күні» іс-шара ұйымдастыру	29.10.2023	Әлеуметтік педагог	Ұйымдастыру
11.	Сынып жетекшілермен бірлесе әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акциялар ұйымдастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу	Қажет еткенде	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	
12.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үй-мүлкінің сақталуын қадағалау	Үнемі	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтау
13.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы лагерьге баруын қамтамасыз ету	Маусым Шілде Тамыз	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

14.	АІБ ІОПТ есебін, сәтсіз, мектепішілік есепте, қауіпті топтағы оқушыларды анықтап және әлеуметтік жұмыстармен тұрғын үй тұрмыс актісін жасау	Әр айдың 5-не дейін	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	
15.	Құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу, ата-ананың қамқорынсыз қалғандарды анықтау, түнгі уақытта ата-анасыз және заңды өкілдерісіз жүрген балаларды анықтау мақсатында профилактикалық рейдтік іс-шаралар	Мектепішілік кестеге сәйкес	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

16.	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру	Қажет еткенде	Әлеуметтік педагог Психолог	тізім
17.	Оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру	Үнемі	Әлеуметтік педагог Психолог	
18.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Психолог	
19.	Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар атқару	18-22.09.2023	Әлеуметтік педагог Психолог	Үнемі
20.	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, отбасынан шыққан оқушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне қамтылуын қадағалау	Маусым Шілде Тамыз	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Үнемі
21.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында мектеп оқушыларын түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Әлеуметтік педагог Медбике	Тізім

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

22.	Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу	Үнемі	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	
23.	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог	Үнемі
24.	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	Үнемі	Әлеуметтік педагог	Тізім
25.	Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру, сыйлықпен қамтамасыз ету	20-30.12.2023	Әлеуметтік педагог	
26.	Ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және балалар құқығын қорғау жөнінде құқық органдары қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог	Үнемі
27.	Ата-аналарға әлеуметтік психологиялық көмек көрсету	Қажет еткенде	Әлеуметтік педагог Психолог	
28.	Ерекше білім білім беруді қажет ететін оқушылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу.	Қазан Сәуір	Р.Жанесеева	АКТ
29.	«Спорттық олимпиада» ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған спорттық жарыстар	Қараша	Р.Жанесеева И.Оқасов	
30.	Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларын, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жазғы демалыс сауықтыру лагерлеріне демалуға анықтау, тізім жасау.	Уақытында	Р.Жанесеева А.Байбатырова	Тізім

31.	Жайсыз жанұя отбасы оқушыларының тұрмыстық жағдайына зерттеу жүргізу.	Қараша Наурыз	Р.Жанесеева А.Халенова Мектеп инспекторы	Акт
32.	«Балалар қылмысы: ұрлық пен бопсалау» мектеп инспекторы М.Мусинамен пікірлесу	Сәуір	Р.Жанесеева А.Байбатырова А.Халенова 6 сынып жетекшілері	Хаттама
33.	Ата-аналар жиналысына қатысу	Жоспар бойынша	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Хаттама
34.	Ата-аналармен жеке әңгіме өткізу	Қажет еткенде	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Хаттама
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
35.	Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру үшін сынып жетекшілерінің материал жинауына көмек көрсету	Тамыз Қаңтар	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	

